

**Оңалтушылық басқарушысын тағайындау және қызметтен шеттету жөніндегі  
Нұсқаулықтың бекітілуі туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитеті төрағасының 2002 жылғы 1 қазандағы N 3 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 6 қарашада тіркелді. Тіркеу N 2033. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігі Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс комитеті төрағасының 2006 жылғы 11 желтоқсандағы N 269 бұйрығымен.

*Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігі Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс комитеті төрағасының 2006 жылғы 11 желтоқсандағы N 269 бұйрығымен.*

*-----Бұйрықтан үзінді-----*

*Б ұ й ы р а м ы н :*

*1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 6 қарашадағы N 2033 нөмірімен тіркелген "Оңалтушылық басқарушысын тағайындау және қызметтен шеттету жөніндегі Нұсқаулық бекітілуі туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс комитеті төрағасының 2002 жылғы 1 қазанындағы N 3 бұйрығының күші ж о й ы л д ы деп т а н ы л с ы н .*

*2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.*

*Т ө р а ғ а*

*-----*

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы "Банкроттық туралы" Заңын іске асыру және құру тәртібі жөніндегі комитеттің өз қызметі шегінде банкроттық рәсімін өткізуге бақылау жүргізуді іске асыру мақсатында,  
**Б ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Оңалтушылық басқарушысын тағайындау және қызметтен шеттету жөніндегі Нұсқаулық бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитет төрағасының орынбасарына Б.С.Смағұловқа жүктелсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін өз күшіне енеді.

Төраға

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігінің  
Дәрменсіз борышкерлермен  
жұмыс жөніндегі комитет  
төрағасының  
2002 жылғы 01 қазанындағы  
№ 3 бұйрығымен бекітілген

**Оңалтушы басқарушыны  
тағайындау және шеттету туралы  
нұсқаулық**

Осы Нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитетінің (бұдан әрі - Комитет) және оның аумақтық органдарының оңалтушы басқарушыны тағайындау және шеттету мәселелерін реттейді.

1. Оңалтушы басқарушыны тағайындауға банкроттық рәсімдерде төлем қабілеті жоқ борышкерлердің мүлкі және істерін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар тұлғаның кандидатурасы қаралады.

2. Комитеттің аумақтық органы төлем қабілеті жоқ ұйым банкроттың банкроттығы туралы іс бойынша өндірісті қозғау туралы сот айқындамасын енгізгеннен кейін Комитетке келісімге оңалтушы басқарушының кандидатурасын береді және белгіленген нысан бойынша ақпараты бар құжаттарды (1 және 2-қосымшалар) береді. Берілетін құжаттарда Комитеттің аумақтық органдары немесе олардың растығы үшін дербес жауапкершілікте болатын оның орнын ауыстыратын тұлғаның қолы болуы қажет.

3. Келісімге берілетін құжатқа міндетті түрде төлем қабілеті жоқ ұйым банкроттың банкроттығы туралы іс бойынша өндірісті қозғау туралы сот айқындамасының көшірмесі қоса беріледі.

4. Тиісті үлгіде ресімделмеген толық емес ақпараты бар құжаттар қаралмастан Комитеттің аумақтық органына қайтарылады.

5. Құжаттарды Комитет қайтарған немесе келісімнен Комитет бас тартқан жағдайда, Комитеттің аумақтық органы үш күн ішінде басқа кандидатураны ұсынады.

6. Оңалтушы басқарушының кандидатурасына келісімнің оң қорытындысы кезінде Комитеттің аумақтық органы борышкеріне қатысты оңалтушы рәсімді қолдану туралы сот айқындамасы күшіне енген күннен бастап үш күннен кешіктірмей оңалтушы басқарушыға тиісінше тағайындайды.

7. Табиғи монополия субъектілері немесе тауарлық рынокта басымдық ( монополиялық) жағдайы бар не республиканың экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар рыноктың субъектілері болып табылатын, ұйымдардың негізін қалаушы, сондай-ақ мемлекеттің бастамасы бойынша банкрот деп танылған ұйымдардың банкроттығы кезінде оңалтушы басқарушыны табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттейтін орталық атқарушы орган, уәкілетті органмен келісім бойынша, негізін қалаушы тиісті облыс ( республикалық мәні бар қала, астана) Әкімі келісім бойынша комитет оңалтушы басқарушыны тағайындайды.

8. Комитеттің аумақтық органы қажет болған жағдайда, келісімге үштен кем емес кандидатураны ұсынуы мүмкін. Ұсынылған кандидатуралардың ішінен іріктеуді берілген материалдар негізінде өз құзыретінің шеңберінде және дерекқоры бар Комитет жүзеге асырады.

9. Оңалтушы басқарушыны тағайындау Комитеттің бұйрығы нысанында енгізіледі, басшы немесе оның орнын ауыстыратын тұлғаның қолы қойылады, мөрмен расталады және есеп кітабына тіркеледі.

10. Комитеттің аумақтық органының:

Заңның 9-бабының 4-тармағында көрсетілген негіздемелер;  
үміткердің сотталғандығы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ө т е л м е г е н ;

Заңның 9-бабының 1-1-тармақтарымен көзделген жағдайларды қоспағанда, банкрот ұйымға, оның құрылтайшыларына, кредиторларына немесе дебиторларына үміткердің қосылу фактілері;

банкроттық рәсімдерде оңалтушы басқарушы ретінде қызметтің қанағаттандырмайтын қорытындылары (әлеуметтік кезектерді өтеудің төмен көрсеткіші, объективті себептерсіз жүргізу мерзімдерінің артуы және т.б.);

жеке сот айқындамалары болған кезде Комитетке кандидатураны келісімге ұсынуға құқығы жоқ.

11. Оңалтушы басқарушы оңалту рәсімі қолданылатын бір ұйымға тағайындалады.

12. Оңалтушы басқарушы Заңның 9-бабындағы 5-тармақпен көзделген жағдайларда борышкердің істері мен мүлкін басқарудан шеттетіледі.

13. Конкурстық басқарушы жіберген, Заң талаптарын бұзу жағдайында Комитеттің аумақтық органы оны жоюдың қажеттілігі және осындай заң бұзушылықтарға жол бермеу туралы жазбаша ескертеді.

Оларды жоймаған жағдайда тиісті шешімді қабылдау үшін Комитетке өтініш береді немесе хабарлайды.

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы  
Қ а р ж ы            м и н и с т р л і г і н і ң

Дәрменсіз борышкерлермен  
жұмыс жөніндегі комитет  
төрағасының  
2002 жылғы 1 қазанындағы  
N 3 бұйрығымен бекітілген  
оңалтушы басқарушыны тағайындау,  
шеттету және ауыстыру  
туралы Нұсқаулықтың  
1-қосымшасы  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігінің  
Дәрменсіз борышкерлермен  
жұмыс жөніндегі комитеті

### **Арыз**

Оңалту басқарушысының міндетіне кандидат ретінде мені  
тағайындауыңызды сұраймын.

Осы арызға қосымша:

- 1) жеке куәліктің көшірмесі;
- 2) банкроттық рәсімдерде төлем жасауға қабілеті жоқ борышкерлердің мүлкін және істерін басқару жөніндегі қызметін жүзеге асыру құқығы лицензиясының көшірмесі;
- 3) жұмыс кітапшасының көшірмесі;
- 4) білім туралы дипломның көшірмесі;
- 5) соттылығы жоқтығы жөнінде анықтама.

Күні \_\_\_\_\_ Қолы \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігінің  
Дәрменсіз борышкерлермен  
жұмыс жөніндегі комитет  
төрағасының  
2002 жылғы 1 қазанындағы  
N 3 бұйрығымен бекітілген  
оңалтушы басқарушыны тағайындау,  
шеттету және ауыстыру  
туралы Нұсқаулықтың  
2-қосымшасы  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігінің

Дәрменсіз борышкерлермен  
жұмыс жөніндегі комитеті  
Конкурстық (оңалтушы) басқарушыны  
тағайындау туралы

ҚР ҚМ Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитет Төрағасының  
2002 жылғы \_\_\_\_\_ N \_\_\_ бұйрығына сәйкес \_\_\_\_\_ қаласы (облысы)  
бойынша \_\_\_\_\_ сот банкроттық туралы іс бойынша өндіріс қозғауына  
қатысты төлем қабілеті жоқ оңалтушы (конкурстық) басқарушының  
кандидатурасын қарау және келісу үшін жіберіп отырмыз.

N	Оңалтушы (конкурстық)	Ұйымның атауы	Ескерту
		басқарушының	аты - жөні
1	.		
2	.		
3	.		

Қ о с ы м ш а :

1. Төлем қабілеті жоқ ұйымның паспорты, \_\_\_\_\_ бет;
2. Банкроттық туралы іс бойынша өндіріс қозғау туралы сот  
айқындамасының көшірмесі \_\_\_\_\_ бет;
3. Басқалар.

Басқарма бастығы \_\_\_\_\_  
(Қолы) \_\_\_\_\_ (аты - жөні)

о р ы н д . \_\_\_\_\_  
тел. \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігінің  
Дәрменсіз борышкерлермен  
жұмыс жөніндегі комитет  
төрағасының  
2002 жылғы 01 қазанындағы  
N 3 бұйрығымен бекітілген,  
оңалтушы басқарушыны  
тағайындау шеттету және  
ауыстыру туралы Нұсқаулықтың  
3-қосымшасы  
**Төлем қабілеті жоқ ұйымның паспорты**

- 
1. Төлем қабілеті жоқ ұйымның атауы
  2. Негізгі қызметі
  3. Заңды мекен-жайы, өзге де деректемелері
  4. Бухгалтерлік баланстың болуы (жылын көрсету), қаржы құжаттарының қосымшалары
  5. Баланс бойынша негізгі қаражаттар \*  
(мың теңгемен):
    - ғимараттар мен құрылыстар (тізбе бойынша)
      - темір жол тұйықталымы
      - жабдық
      - жылжымалы мүлік
      - өзгелер
    - тауарлық-материалдық қорлар (мың теңгемен)
  6. Конкурстық массаның болмау себебі

7

---

\* - баланс бойынша мәліметтерді беруге негіздемелі мүмкіндіктің болмауы жағдайында, заттай жалпы мәлімет көрсету (санамалау) және банкроттық рәсімдер басталғаннан кейін нақтыланған мәліметті Комитетке беру

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігінің  
Дәрменсіз борышкерлермен  
жұмыс жөніндегі комитет  
төрағасының  
2002 жылғы 1 қазанындағы  
N 3 бұйрығымен бекітілген,  
оңалтушы басқарушыны  
тағайындау, шеттету және  
ауыстыру туралы Нұсқаулықтың  
4-қосымшасы

### **ШЕШІМ**

Оңалтушы басқарушыны  
тағайындау туралы

1. "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы Заңы, "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитетінің мәселелері" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қарашадағы N 1508 қаулысына сәйкес және \_\_\_\_\_ қаласы (облысы) бойынша

\_\_\_\_\_ соттың 200\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_  
оңалту рәсімін енгізу туралы айқындамасының негізінде  
\_\_\_\_\_ оңалтушы басқарушы болып  
(ұйымның атауы) \_\_\_\_\_ (аты-жөні)  
тағайындалсын.

2. "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы  
21 қаңтардағы Заңының талаптарына сәйкес оңалтушы басқарушының  
міндеттемесін орындау \_\_\_\_\_ жүктелсін.  
(аты-жөні)

3. \_\_\_\_\_ оңалтушы басқарушы  
( а т ы - ж ө н і )  
"Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21  
қаңтардағы Заңының 51-бабының талаптарын орындауды камтамасыз  
е т с і н .

4. Оңалту рәсімін жүргізуге бақылау \_\_\_\_\_ облысы  
(Астана және Алматы қалалары) бойынша Комитетінің Басқармасы  
конкурстық өндіріс, оңалту рәсімдерін, конкурстық массаны  
сату және өткізу жоспарын жүргізуді бақылау жөніндегі  
бөлімнің бастығы \_\_\_\_\_ жүктелсін.  
( а т ы - ж ө н і )

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау \_\_\_\_\_  
Комитеттің Басқарма бастығының орынбасарына жүктелсін.

*К о м и т е т      т ө р а ғ а с ы*

(Басқарма бастығы) \_\_\_\_\_  
(қолы)                      (аты-жөні)